

Шектеу іс-шараларын бекіту туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 7254 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімінің 21.05.2020 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сырдария аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 7 ақпандағы № 62 ұсынысына сәйкес Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданы, Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі, Асқар Тоқмағанбетов ауылы Қызылорақ көшесіндегі № 18, 5, 22 тұрғын үйлер аулаларына мүйізді ірі қара малдар мен иттер арасында жануарлардың құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*А.Тоқмағанбетов ауылдық
округінің әкімі*

Ғ. Алданазаров